



БҰЙРЫҚ

10.07.2025 ж.

Талдықорған қаласы

ПРИКАЗ

№ 25-Ө

город Талдыкорган

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жұмыс тобы 2025 жылғы 06 мамырдан 2025 жылғы 19 мамырға дейін «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) мынадай құрамда құрылсын:

Жұмыс тобының төрағасы: Сарбаева Э.Ж., басшының орынбасары;

Жұмыс тобының мүшелері:

- Дюсебаева Д.С., бас бухгалтер;
- Оспанова Г.А., әдіскер-үйлестіруші;
- Мухамадалинов Е.Т. шаруашылық меңгерушісі;
- Медиева А.С., кадр жөніндегі инспектор.

2. Жұмыс тобы 2025 жылғы 11 шілдеден 2025 жылғы 11 тамызға дейінгі кезеңде мынадай бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізісін:

1) персоналды басқаруға, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

000399

5) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі қызметтің ақпаратын жинау және қорыту жұмыстары аяқталғаннан кейін 2025 жылғы 11 тамызға дейінгі мерзімде талдамалық анықтама жасалсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары Э.Сарбаеваға жүктелсін.


Басшы



А. Джексемба



Бұйрықпен таныстым:



Э. Сарбаева

Д. Дюсебаева

Г.Оспанова

Е.Мухамадалинов

А.Медиева